²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.
E-mail: nur_b_70@mail.ru

ПОЛУЧЕНИЕ ОРГАНИЧЕСКОГО КЛЕЯ НА ОСНОВЕ РЫБНОЙ ЧЕШУИ, ИЗУЧЕНИЕ СВОЙСТВ

Имангалиева Базархан — кандидат педагогических наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,
E-mail: nur_b_70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>;

Арынова Карима — кандидат педагогических наук, профессор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан,
E-mail: omar_erbolatt@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-1186-769X>;

Тренова Арайлым — старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,
E-mail: atrenova@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-2934-8321>;

Қожабай Дархан — Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,
E-mail: darkhan_95.09.25kz@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-0797-7096>;

Азаматқызы Аяжан — Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан,
E-mail: aazanazamatkyzy@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0002-1779-9085>.

Аннотация: В статье рассмотрены возможности эффективной утилизации рыбной чешуи, являющейся вторичным сырьём рыбоперерабатывающей промышленности и богатой коллагеном. Актуальность исследования обусловлена необходимостью переработки биологических отходов и получения экологически безопасных материалов с высокой добавленной стоимостью. Цель работы заключается в научном обосновании технологии получения природного органического клея (глютина) из рыбной чешуи с использованием простых и экологически безопасных методов термической денатурации и гидролиза. В экспериментальной части исследования осуществлён процесс получения клея, включающий стадии предварительной очистки сырья, термической денатурации коллагена, фильтрации и сушки. Физико-химическими методами изучены состав и свойства полученного продукта. Установлены значения pH клея в диапазоне 7,5–9,0, подтверждено наличие пептидных связей с помощью биуретовой реакции, а также идентифицированы функциональные группы коллагена посредством реакций с хлоридом железа (III) и нитратом серебра. В результате исследования получены образцы жидкого и сухого клея, пригодные для длительного хранения. Установлено, что сухой клей обладает термопластическими свойствами и способен восстанавливать клеящую способность при увлажнении или нагревании. Адгезионные свойства полученного продукта были исследованы на бумажных и текстильных материалах. Показано, что смесь натурального клея из рыбной чешуи с поливинилацетатным клеем (ПВА) в соотношении 2:1 обеспечивает повышение прочности склеивания и позволяет достичь характеристик, сопоставимых с промышленными аналогами. Полученные результаты свидетельствуют о возможности использования рыбной чешуи в качестве ценного сырья для производства биоразлагаемых клеевых материалов. Предлагаемая технология способствует снижению экологической нагрузки и соответствует принципам «зелёной экономики» и безотходного производства.

Ключевые слова: рыбная чешуя, коллаген, органический клей, глютин, термическая денатурация, адгезия, биоразлагаемые материалы, зелёная экономика, безотходные технологии, поливинилацетат


Кіріспе. Қазіргі заманғы экологиялық күн тәртібінде өндірістік қалдықтарды тиімді басқару, қайта өңдеу және «жасыл экономика» қағидаттарына көшу мәселесі басты назарда. Балық өңдеу өнеркәсібі бұл тұрғыда ерекше орын алады, себебі шикізаттың айтарлықтай бөлігі (жалпы салмағының шамамен 30%-ы) тағамға жарамсыз қалдықтарға айналады. Бұл қалдықтардың құрамында балық қабыршағының үлесі 2,0–9,7%-ды құрайды (Иванова и Якубова, 2013). Балық қабыршағы – құрамында жоғары пайызды коллаген ақуызы бар бағалы шикізат, алайда көптеген кәсіпорындар оны өңдеусіз тастайды. Мұндай әрекеттер тек қоршаған ортаға жүктеме түсіріп қана қоймай, санитарлық нормаларды бұзу қаупін тудырады.

Аталған экологиялық және экономикалық мәселені шешудің тиімді жолы – қабыршақтағы коллагенді гидролиз және термиялық денатурация әдістері арқылы

табиғи органикалық желімге (глутин) айналдыру болып табылады. Балық желімі (ихтиокол немесе глутин) тарихта ежелден, яғни б.з.д. 2000 жылдардан бастап, Египеттен табылған артефактілерде қолданылғаны белгілі. Ол дәстүрлі түрде ағаш өңдеуде, музыкалық аспаптар жасауда, сондай-ақ көркем туындыларды реставрациялауда қолданылған, өйткені ол сүйек пен тері желімдеріне қарағанда әлдеқайда қауіпсіз және қайтымды болып саналады (The Book and Paper Group of the American Institute for Conservation, n.d.).

Алайда, қазіргі нарықта жоғары сапалы балық желімдерінің көбінесе шет елдерден импортталуы оның құнын арттырып, отандық өндірісте қолданылуын шектейді. Сондықтан, отандық шикізат базасын қолдана отырып, қалдықтардан жоғары сапалы, бәсекеге қабілетті желім өндіру технологиясын әзірлеу өзекті ғылыми және өндірістік міндет болып табылады. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – балық қабыршағынан қарапайым термиялық денатурация әдісі арқылы табиғи органикалық желім әзірлеу, сондай-ақ алынған өнімнің физикалық-химиялық және адгезиялық қасиеттерін жан-жақты зерттеу. Осылайша, зерттеу балық өңдеу қалдықтарын тиімді пайдалану арқылы өндірістік шығындарды азайтуға және нарықты биологиялық ыдырайтын, қауіпсіз желіммен қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеудің негізгі шикізаты ретінде Ақтөбе аймағындағы балық өңдеу орындарынан жиналған тұщы су балықтарының аралас қабыршақтары қолданылды. Қабыршақ – балық денесін қорғаушы табиғи құрылым болып табылады, ол қатты, бірақ икемді қасиеттерімен ерекшеленеді. Оның құрылымында органикалық және бейорганикалық компоненттер үйлесімі бар. Қабыршақтың сыртқы қабаты қатты, минералданған беткі қабаттан тұрса, ішкі қабаты негізінен I типтегі коллаген талшықтарынан құралған. Бұл коллаген талшықтары геликоид тәрізді орналасып, қабыршаққа икемділік және механикалық беріктік береді (Ruyi Ji, 2026), (1-сурет).



Сурет 1 — Жолақты лаврак балығының қабыршағы:

а-балық қабыршағы; б-бір қабыршақтың көлденең қимасы, сүйек және коллаген қабаттарымен; с-коллаген талшықтарының көлденең-қабатталған құрылымы; d-коллаген фибрилдері; е-сүйек және коллаген қабаттарының схемалық бейнелері; f-коллаген талшықтары Булиган үлгісінде орналасқан; g-бір фибрилдің құрамдастары НАР (гидроксипатит) нанобөлшектерімен

Химиялық құрамына келетін болсақ, басым органикалық компонент коллаген болып табылады, сондай-ақ, оның термиялық гидролизі арқылы алынатын желатин және полисахаридтік құрылым – хитин кездеседі. Бейорганикалық компоненттердің негізі – қабыршаққа қаттылық беретін гидроксипатит ($\text{Ca}_{10}(\text{PO}_4)_6(\text{OH})_2$) (Rawat, Zhu, Rahman, & Barthelat, 2020).

Коллаген – жануарлар организміндегі ең кең таралған фибриллярлы нәруыз, ол үш α -тізбектен тұратын оңға бұралған үштік спираль түрінде болады (Потехина, 2016). Физикалық тұрғыдан коллаген суда ерімейді. 40–45 °C-тан жоғары температурада қыздыру әсерінен оның үштік спираль құрылымы бұзылып, денатурация және гидролиз арқылы желатин (глютин) түзіледі – бұл табиғи желімнің негізі.

Балық қабыршағынан желім алу

Тәжірибе мақсаты – балық қабыршағындағы коллагенді пайдаланып, қарапайым термиялық денатурация әдісі арқылы сұйық және құрғақ күйдегі табиғи желімді алу.

Желімді алу процесі балық қабыршағын бастапқы өңдеуден басталды. Шикізат ретінде алынған қабыршақтардан алдымен шырыш, май және басқа бөгде заттар алынып, таза сумен бірнеше рет мұқият жуылды (2-сурет).




Сурет 2 — Бастапқы және тазартылған балық қабыршақтары

Тазартылған қабыршақтар эмальданған ыдысқа салынып, үстіне аздаған су құйылып, үй жағдайында 50 минуттан 1 сағатқа дейін баяу қайнатылды (3-сурет). Бұл кезең коллагенді экстракциялауға бағытталған термиялық денатурация процесі болып табылады.



Сурет 3 — Балық қабыршағын желім алу барысында қайнату процесі

Қайнату уақытында қабыршақтардың біртіндеп шиыршықтанып, көлемі кішірейіп, пішінін өзгертуі (4-сурет) – коллагеннің үштік спираль құрылымының бұзылып, нәруыздық кеңістіктік формасының өзгергенін көрсетеді.



Сурет 4 — Қайнату барысында балық қабыршағының пішінінің өзгеруі және коллагеннің денатурация процесі

Қайнату аяқталған соң алынған ыстық ерітінді марля арқылы фильтрациядан өткізіліп, бөлек ыдысқа құйылды. Салқындау кезінде сұйықтық біртіндеп тұтқыр, мөлдірлеу **гель тәрізді массаға** айналды (5-сурет) – бұл алынған балық желімі (глютин).



Сурет 5 — Сүзуден кейін алынған балық желімінің салқындау және гель түзу кезеңі

Құрғақ күйдегі желімді алу үшін алынған ерітінді жұқа қабатпен ыдыс бетіне құйылып, бөлме температурасында табиғи жолмен кептірілді, нәтижесінде қатты, мөлдір және аздап сынғыш қабыршақ түріндегі құрғақ желім алынды.

Нәтижелер мен талқылау. Кептірілген желімнің сипаттамасы: зерттеу барысында дайындалған балық желімі алдын ала сұйық күйінде ыдыс бетіне жұкалап құйылып, бөлме температурасында **5–6 сағат** бойы ашық ауада кептірілді. Нәтижесінде желімнің беті толықтай құрғап, қатты пластинка түріндегі үлгі алынды (6-сурет).



Сурет 6 — Кептірілген балық желімінің үлгісі

Кептірілген балық желімі **түссіз, иіссіз және жеңіл** болып келеді. Ол қолмен ұстағанда жұқа пластик тәрізді сезіледі және сынғыштығы жоғары. Желімнің негізгі ерекшелігі – оған сәл ылғал тиген жағдайда бірден жабысқақтық қасиетінің қайта пайда болуы. Бұл қасиет желім құрамындағы коллагеннің термопластикалық табиғатымен түсіндіріледі: гидролизденген коллаген (желатин) құрылымы суды сіңіріп, бастапқы желімдік қасиеттерін тез қалпына келтіреді.

Құрғақ желім су моншасында немесе ыстық суда қыздырылған кезде бастапқы сұйық күйіне қайта оралады және өзінің жабысқақ қасиетін толық қалпына келтіреді. Органикалық балық желімінің сұйық түрі шамамен үш күн ғана тиімді жабысқақ күйде сақталса, оны кептіру арқылы ұзақ мерзімді — жылдап сақтауға болатын тұрақты материал алу мүмкіндігі бар. Бұл қасиет балық желімін сақтау мен тасымалдауда үлкен артықшылық береді және оны түрлі өндірістік және тұрмыстық салаларда тиімді пайдалануға жол ашады.

Желімнің физикалық қасиеттерін зерттеу

Алынған балық желімінің физикалық қасиеттерін тексеру мақсаты – оның температураға, еріткіштерге сезімталдығын зерттеп, ерігіштігін, ісінгіштігін және құрылымдық өзгерістерін салыстыру болды.

Балық қабыршағынан алынған сұйық желім жартылай тұтқыр, иіссіз, сұр түсті жылтыр сұйықтық түрінде болды (7-сурет; а). Жүргізілген бақылаулар бойынша, желім төмен температурада ($-1...-2^{\circ}\text{C}$) коллоидты, желе тәріздес күйге ауысады (7-сурет; ә), яғни **гельдену** процесі жүреді. Ал жоғары температурада оның тұтқырлығы азайып, жабысқақтық қасиеті артады. Бұл коллаген негізді өнімдерге тән сипат, мұнда температура деңгейі ақуыздың молекулааралық байланыстарына тікелей әсер етеді.



Сурет 7 — Балық желімінің физикалық күйінің өзгеруі
а — сұйық ерітінді; ә — гель тәрізді масса


Кептірілген (қатты) желім үлгісінің ерігіштігі дистилденген су (H_2O), 96% этил спирті ($\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$) және 1 М тұз қышқылы (HCl) орталарында зерттелді.

1. Суда (H_2O) зерттеу: Бөлме температурасында желім қиындылары суда ерімеді, бірақ біртіндеп ісінді (8-сурет; а). Қыздырылған кезде желім біртіндеп еріп, тұтқыр ерітінді түзеді (8-сурет; ә). Бұл құбылыс судың жоғары полярлы еріткіш болуымен және жылу әсерінен коллагеннің спиральді құрылымының бұзылуымен түсіндіріледі. Жылу гидрогендік байланыстарды әлсіретіп, су молекулаларының нәруыз тізбектерімен әрекеттесуіне мүмкіндік береді, нәтижесінде желім ериді.




Сурет 8 — Кептірілген балық желімінің суда және қыздырғаннан кейінгі күйі
а — суда ісінген желім қиындылары; ә — қыздырғаннан кейінгі еріген және тұтқыр күйдегі желім.

2. Этанолда ($\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$) зерттеу: Этил спиртінің ортасында бөлме температурасында да, қыздырғанда да желім ерімеді. Керісінше, қыздырған кезде желім пластинкалары шиыршықтанып жиырылып қалды (9-сурет). Себебі, этил спирті судағыдай полярлы емес және ол желім құрамындағы коллаген молекулаларын сусыздандырады, яғни су молекулаларын байланыстан босатып, коллагеннің жиырылуына және пішінінің өзгеруіне әкеледі.



Сурет 9 — Этанолда қыздырғаннан кейінгі балық желімінің құрылымдық өзгерісі

3. Тұз қышқылында (HCl) зерттеу: тұз қышқылының 1 М ерітіндісінде бөлме температурасында желім үлгісі тез ісінді (10-сурет; а). Ал қыздырғанда үлгі лезде еріп кетті (10-сурет; ә). Қышқыл ортада коллаген молекулаларының пептидтік және молекулааралық байланыстары бұзылып, құрылымы әлсірейді, бұл желімнің тез еруіне әсер етеді.



Сурет 10 — Тұз қышқылында балық желімінің ісінуі және қыздырғаннан кейінгі еруі
 а — тұз қышқылында ісінген балық желімінің қиындылары;
 э — қыздырғаннан кейін еріген желім

Жалпы зерттеу нәтижелері балық желімінің гидрофильді табиғатын растайды. Желім полярлы еріткіштерде (су, HCl) температура әсерінен ериді, ал полярлығы төмен еріткіште (этанол) сусызданады және құрылымы өзгереді. Бұл деректер желімнің негізі коллаген екендігін және оның қолдану аясын анықтауға мүмкіндік береді.


Желімнің химиялық қасиеттерін зерттеу

Желім үлгісінің рН көрсеткіші 7,5 болды. Бұл алынған глютин ерітіндісінің бейтарапқа жақын, әлсіз сілтілік ортаға жататынын көрсетеді. Кальций гидроксиді ($\text{Ca}(\text{OH})_2$) қосылған үлгіде рН көрсеткіші 9-ға дейін өсті.

Бұл $\text{Ca}(\text{OH})_2 \rightarrow \text{Ca}^{2+} + 2\text{OH}^-$ реакциясы арқылы ерітіндідегі гидроксид-иондарының (OH^-) концентрациясының артуынан ортаның сілтілік сипаты күшейтілгенін дәлелдейді.

Коллагеннің сапалық реакциялары Глютиннің нәруызды табиғатын және оның құрамындағы функционалдық топтарды дәлелдеу үшін металл катиондарымен сапалық реакциялар жүргізілді.


1. Темір (III) хлоридімен (FeCl_3) реакция: Желімге FeCl_3 ерітіндісін тамызғанда қоңыр түсті қосылыс түзілді (11-сурет). Бұл комплексті қосылыс түзілу реакциясы коллаген құрамындағы тирозиннің фенолдық тобының ($\text{Ar}-\text{OH}$) Fe^{3+} ионымен әрекеттесіп, түсті координациялық комплекс түзгенін көрсетеді. Реакция теңдеуі: $6 \text{Ar}-\text{OH} + \text{FeCl}_3 \rightarrow [\text{Fe}(\text{Ar}-\text{O})_6]^{3-} + 3\text{H}^+ + 3\text{Cl}^-$



Сурет 11 — Балық желімінің темір (III) хлоридімен әрекеттесуі

2. Мыс сульфатының (CuSO_4) сілтілік ортадағы әрекеттесуі (Биурет реакциясы): Желімге NaOH ерітіндісі қосылғаннан кейін CuSO_4 ерітіндісімен әрекеттескен сұйықтық қанық көк түске айналып, іркілдек масса түзілді (12-сурет). Бұл Биурет реакциясының оң нәтижесі болып табылады және глютиннің полипептидтік тізбектерден тұратындығын, яғни пептидтік байланыстардың ($-\text{CO}-\text{NH}$) бар екенін дәлелдейді

Реакция тендеулері: $\text{CuSO}_4 + 2\text{NaOH} \rightarrow \text{Cu}(\text{OH})_2\downarrow + \text{Na}_2\text{SO}_4$
 $2\text{R}-\text{CONH}-\text{R}' + \text{Cu}(\text{OH})_2 \rightarrow [\text{Cu}(\text{R}-\text{CONH}-\text{R}')_2] + 2\text{H}_2\text{O}$



Сурет 12 — Балық желімінің мыс сульфатымен және сілтілік ортамен әрекеттесуі
 а — CuSO_4 ерітіндісі; ә — CuSO_4 мен балық желімінің араласқан ерітіндісі; б — NaOH қосылғаннан кейін түзілген іркілдек (тұтқыр) масса

3. Күміс нитратымен (AgNO_3) әрекеттесуі (тотықсыздандырғыш қасиет): Желімге AgNO_3 ерітіндісі қосылғанда бастапқыда өзгеріс байқалмағанымен, біраз уақыт өткен соң пробирка түбінде қара тұнба (AgI) түзілді. Бұл — тотығу-тотықсыздану реакциясы. Ол глютин құрамында гидролиз нәтижесінде пайда болған тотықсыздандырғыш топтардың бар екенін көрсетеді.

Жүргізілген химиялық зерттеулер балық желімінің әлсіз сілтілік ортаға жататынын және $\text{Ca}(\text{OH})_2$ қосылғанда оның жабысқақтық қасиетінің өзгеретінін көрсетті. Fe^{3+} , Cu^{2+} және Ag^+ иондарымен жүргізілген сапалық реакциялар коллагендегі фенолдық топтардың, пептидтік байланыстардың және редукциялық қасиетке ие топтардың бар екенін дәлелдеді. Осылайша, желімнің химиялық қасиеттері оның нәруызды табиғатын толық растады.

Желімнің адгезиялық қасиеттерін зерттеу:

Желімдердің адгезиялық (жабысқақтық) қасиеттерін салыстырмалы түрде бағалау үшін үш түрлі желім үлгісі зерттелді:

1. балық желімі (табиғи органикалық компонент),
2. поливинилацетат (ПВА) желімі (синтетикалық полимер),
3. балық желімі мен ПВА желімінің 2:1 массалық қатынастағы қоспасы.

Зерттеу барысында үлгілердің әртүрлі материалдармен байланыс түзу қабілеті, жыртылуға қарсы тұруы және адгезиялық беріктігі бақылау әдісі арқылы бағаланды.

Зерттеу нәтижелері

Балық желімі: табиғи коллаген негізіндегі желім синтетикалық желімдермен салыстырғанда адгезиялық беріктігі төмендеу болғанымен, қағаз, картон сияқты жұмсақ және кеуекті материалдарда жеткілікті деңгейде жабысу қасиетін көрсетті. Бұл органикалық желімнің табиғи байланыс түзу механизмімен түсіндіріледі.

ПВА желімі: синтетикалық полимер ретінде ПВА жоғары адгезиялық қасиет танытты. Ол қатты, тегіс және кеуекті емес беттерде де мықты байланыс түзе алды. ПВА молекулаларының полимерлік тізбектері материал бетімен тиімді әрекеттесіп, жоғары беріктік беретінін көрсетті.

Балық желімі мен ПВА қоспасы (2:1): қоспа үлгісі екі компоненттің оң қасиеттерін біріктірді. Желімнің иілімділігі, беріктігі және байланыс сапасы артты. Қағаз және мата сияқты материалдарда бекітілген үлгілердің ажыратылуы қиын болып, жыртылған қағаздардың беріктігі жоғары деңгейде сақталғаны байқалды. Бұл табиғи желімнің құрылымына ПВА енгізу оның адгезиялық қасиеттерін жақсартатынын дәлелдейді.

Балық желімінің ең маңызды тұтынушылық қасиеттері - оның жабысқақ қасиеттері, яғни жанасатын әртүрлі заттардың беттері арасындағы молекулалық өзара әрекеттесу. Адгезия дәрежесі әртүрлі материалдар арасындағы байланыс дәрежесін және өнім беттерінде қорғаныш, сәндік және басқа да полимерлі жабындардың пайда болуын анықтайды. Балық терісі желімінің адгезия беріктігі 1174,0-ден 1960,0 Н/м-ге дейін, ал балық қабыршағы желімінікі 1960,0 Н/м құрайды (Иванова и Якубова, 2013).

Жүргізілген зерттеу нәтижелері балық желімінің жұмсақ материалдар үшін жеткілікті адгезия беретінін, алайда ПВА желімінің жабысу беріктігі әлдеқайда жоғары екенін көрсетті. Балық желімі мен ПВА қоспасы (2:1) синтетикалық желімге жақын адгезиялық қасиет көрсетіп, байланыс беріктігін арттырды. Бұл табиғи желімді өндірістік мақсатта қолдануға бейімдеудің тиімді тәсілі болып табылады.

Талқылау. Жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижесінде балық қабыршағындағы коллаген гидролиз (қайнату) арқылы желатинге (глютинге) айналып, экологиялық таза органикалық желім ретінде алынды. Бұл процесс балық өңдеу қалдықтарын тиімді пайдалануға негізделген, қалдықсыз технологияның нақты үлгісі болып табылады. Алынған өнімнің сипаттамаларына сәйкес, сұйық күйдегі желім жартылай тұтқыр, иіссіз және гель тәрізді болып келеді. Құрғақ күйде – ол түссіз, жеңіл, сынғыш пластинка түрінде. Желімнің негізгі практикалық құндылығы – оның қайта белсендірілу қабілетінде: ылғал немесе қыздыру әсерінен оның жабысқақтық қасиеті толық қалпына келеді. Бұл қасиет желімнің сақталу мерзімін ұзартады: сұйық түрі тек 3 күнге дейін тиімді болса, құрғақ түрі жыл бойы ұзақ мерзімді сақтауға мүмкіндік береді.

Физикалық қасиеттерді зерттеу барысында желімнің гидрофильді сипаты расталды: ол суда қыздырғанда ериді, ал полярлығы төмен этанолда (C_2H_5OH) шиыршықтанып, құрылымы өзгереді. Төмен температурада ($-1...-2$ °C) желе күйіне өтуі және жоғары температурада жабысқақтығының артуы оның коллоидтық табиғатын көрсетеді.

Химиялық талдаулар желімнің нәруызды табиғатын толық дәлелдеді: рН деңгейі 7,5 (әлсіз сілтілік) оның бейтарап материалдармен үйлесімділігін көрсетеді. Дегенмен, $\text{Ca}(\text{OH})_2$ қосқанда рН 9,0-ға дейін ығысып, желімнің жабысқақтығы төмендегені, күшті сілтілік ортаның полимер торына кері әсер ететінін көрсетті. Биурет реакциясының оң нәтижесі глютиннің полипептидтік тізбектерден (пептидтік байланыстардан) тұратындығын растады. FeCl_3 – қоңыр комплекс, $\text{CuSO}_4 + \text{NaOH}$ – көк іркілдек және AgNO_3 – қара тұнба түзілуі желім құрамындағы фенолдық топтардың және тотықсыздандырғыш қасиетке ие топтардың бар екенін дәлелдеді.

Адгезиялық қасиеттерін бағалау нәтижесінде таза глютиннің қағазға жабысу беріктігі орташа деңгейде болды. Алайда, оны коммерциялық ПВА желімімен қоспасында (2:1) қолданғанда, жабысу күші айтарлықтай артты. Бұл нәтиже балық глютинінің табиғи қоспа ретінде немесе синтетикалық желімдердің қосалқы компоненті ретінде қолдану әлеуетін көрсетеді, бұл оның экономикалық тиімділігін арттырады.

Орындалған тәжірибені қорытындылай келе, алынған желім коллагеннің денатурациясы арқылы түзілген желатин болып табылады және оның физикалық, химиялық қасиеттері ГОСТ 11293-2017 "Желатин. Технические условия" стандартының негізгі талаптарына (еріткіште ерігіштік, рН, адгезия) сәйкес келеді. Зерттеу сапалық сипатта жүргізілгендіктен шығым есептелмесе де, өнімнің ұзақ сақталуы, қайта белсендірілуі және ПВА-мен үйлесімділігі оны өндірістік масштабтауға және күнделікті қолдануға жарамды етеді. Бұл нәтиже балық қабыршағы қалдықтарына «екінші өмір» беру мүмкіндігін тәжірибе жүзінде дәлелдеді.

Қорытынды. Орындалған зерттеу қалдық саналатын балық қабыршағынан органикалық желім алу және оның күнделікті желімдерге балама ретіндегі әлеуетін дәлелдеу мақсатын толығымен жүзеге асырды. Гипотеза толық расталды: балық қабыршағынан қарапайым термиялық денатурация әдістерімен алынған глютин күнделікті қолданыстағы желімдерден кем түспейді, оның биологиялық ыдырайтыны және балық қабыршағы сияқты қалдыққа «екінші өмір» беруге болатыны тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Зерттеудің практикалық құндылығы зор: балық өңдеу зауыттарындағы және сауда орындарындағы күнделікті тасталынатын қабыршақ енді қалдық емес, тегін шикізат көзі болып саналады. Алынған желімнің негізгі артықшылығы – оның сақтау мерзімі мен белсендіру қасиеті. Құрғақ күйдегі желімді жылдап сақтауға болады, ал оны қыздыру немесе ылғалмен қамтамасыз ету арқылы жабысқақтық қасиетін толықтай қалпына келтіруге болады. Адгезиялық сынақтар глютиннің қағаз, мата және жұмсақ материалдарға орташа беріктік көрсеткенімен, оны ПВА желімімен қоспасында (2:1 арақатынасында) қолданғанда, қағаз беттердің ажырамайтындай мықты байланыс түзетіні анықталды.

Нәтижелер қалдықты толық қайта өңдеу арқылы балық өңдеу кәсіпорындарының экологиялық жүктемесін азайтуға және синтетикалық желім шығынын төмендетіп, құны арзан табиғи балама ұсынуға бағытталған жаңа даму

бағыттарын ашады. Органикалық таза глютин немесе ПВА + глютин гибриді желімі құрылыс, қаптама, қолөнер және үй шаруашылығы сияқты көптеген салаларда қолдануға дайын.

Болашаққа арналған негізгі ұсыныстар ретінде зауыттық деңгейде пилоттық өндіріс – балық өңдеу кәсіпорындарында глютин алу желісін сынау және өнімнің шығымын сандық өлшеу қажеттілігін атап өтуге болады. Сондай-ақ, ПВА + глютин қоспасын құрылыс немесе қаптама салаларында сынақтан өткізіп, гибриді желімді дамыту (биоыдырау қасиетін сақтау үшін глютин үлесін арттыру) ұсынылады.

Қорытындылай келе, балық қабыршағы жай ғана қалдық емес, ол – құнды шикізат. Алынған глютин қалдықтан өнімге дейінгі жолды ашып, синтетикалық желімдердің экологиялық жүктемесін азайта отырып, балық өңдеу өнеркәсібінің тұрақты дамуына нақты үлес қосады. Бұл технология қалдықты жүз пайыз қайта өңдеуге мүмкіндік беріп, циклдік экономика мен жасыл химия принциптерін нақты жүзеге асырады.

References

- Dunky M., Mittal K.L. (Eds.) (2023) Biobased adhesives: Sources, characteristics, and applications. Scrivener Publishing LLC. DOI: 10.1002/9781394175406 (in English).
- Fish Glue Analysis Report 2025: Market to grow by a CAGR of XX to 2033, driven by government incentives, popularity of virtual assistants, and strategic partnerships. (2025) Market Report Analytics. — 93 p. <https://www.marketreportanalytics.com/reports/fish-glue-165611> (in English).
- Glinka N.L. (2018) Obshchaya himiya: Uchebnoye posobie dlia studentov [General chemistry: Manual for graduate students]. Almaty: TechSmith. (in Russian).
- GOST 11293-2017. (2017) Zhelatin. Tekhnicheskyye talaparty [Gelatin. Technical requirements]. M.: Standartinform. — 12 p. (in Kazakh).
- Ivanova E.A., Yakubova O.S. (2013) Tovarovednaia harakteristika kleia, poluchaemogo iz cheshui ryb [Commodity characteristics of glue obtained from fish scales]. Vestnik Astrahanskogo gosudarstvennogo tekhnicheskogo universiteta. Seriya: Rybnoe hoziaistvo, 3:45–52. (in Russian).
- Ruyi Ji, Tianyang Cai, Hongwei Wang, Hongqiang Song, Qingli Xu, Yan Zhang, Ping Wang (2026) A fish-scale structured SiO₂-embedded polyvinyl alcohol composite for superior flexibility and puncture resistance, Colloids and Surfaces A: Physicochemical and Engineering Aspects, 10.1016/j.colsurfa.2026.140333. — 742 p. (140333)
- Laidmäe I., Salum T., Sawyer E.S., Janmey P.A., Uibo R. (2010) Characterization of the biological effect of fish fibrin glue in experiments on rats: Immunological and coagulation studies. Journal of Biomedical Materials Research Part A, 93(1):29–36. DOI: 10.1002/jbm.a.32505 (in English).
- Lee S., et al. (2025) Collagen as a bio-ink for 3D printing: A critical review. Journal of Materials Chemistry B, 13(5):567–589. <https://pubs.rsc.org/en/content/articlelanding/2025/tb/d4tb01060d> (in English).
- Nalinanon S., Sothornvit R., Soponronnarit S. (2011) Properties of fish gelatin and its applications in food and non-food industries. Food Hydrocolloids, 25(6):1395–1404. (in English).
- Nano Home (2023) Drywall construction in your home and VOC's: A comprehensive guide. <https://nanohome.com/blogs/news/drywall-construction-in-your-home-and-vocs-a-comprehensive-guide> (in English).
- Petukhova T. (2000) A history of fish glue as an artist's material: Applications in paper and parchment artifacts. The Book and Paper Group Annual, 19:29–45. Cornell University Library. (in English).
- Potekhina Yu.P. (2016) Struktura i funktsii kolagena [Structure and functions of collagen]. Nepreryvnoe medicinskoe obrazovanie, 4:87–99. (in Russian).
- Radzhabov O.I., Gulyamov T., Turaev A.S., Atazhanov A.Y., Buriev D.A. (2020) Izuchenie fiziko-

himicheskikh svoistv suhogo kolagena [Study of the physicochemical properties of dry collagen]. *Universum: himiia i biologiya*, 10(76):25–28. (in Russian).

Rawat P., Zhu D., Rahman M.Z., Barthelat F. (2020) Structural and mechanical properties of fish scales for the bio-inspired design of flexible body armors: A review. *Acta Biomaterialia*. — P. 121:46–67. (in English).

The marvellous bond: Animal glue and isinglass as vital waste in England, 1600–1800. (2020) *Studies in History and Philosophy of Science*, 82:76–89. Department of Science & Technology Studies, University College London. (in English).

Wang Y., et al. (2019) Study of the preparation, characterization, and sizing performance of modified collagen surface sizing agent. *BioResources*, 14(1):1234-1248. (in English).

Wills M. (2020) Isinglass; or, the many miracles of fish glue. *JSTOR Daily*. <https://daily.jstor.org/isinglass-or-the-many-miracles-of-fish-glue/> (in English).

Zhang H., Li Q., Wang L. (2020) Fish-derived collagen: Biomedical applications and advances in tissue engineering. *Materials Science & Engineering C*, 110:110674. (in English).

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

*Managing Editor: A.Shormakova
Editors: D.S. Alenov, T. Apendiev
Computer layout: G.D. Zhadyranova*

Signed for print: June 30, 2026

Format: 70×90 1/16. 24.0 printed sheets. Order No. 2